

## ТІЛ БІЛІМІНІҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ

### ПРОБЛЕМЫ ЯЗЫКОЗНАНИЯ

МҒТАР 16.21.33

DOI: [10.59102/kufil/2023/iss2pp4-12](https://doi.org/10.59102/kufil/2023/iss2pp4-12)

**Б.Шалабай<sup>1</sup>, Г.Ж.Искакова<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>ф.ғ.д., профессор, Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ., 020000, Қазақстан Республикасы, <https://orcid.org/0000-0002-5289-4507> Email: shalabay\_berdibay@mail.ru

<sup>2</sup>п.п.м., Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ., 020000, Қазақстан Республикасы, <https://orcid.org/0000-0002-8631-7169>. E-mail: g.ristina@mail.ru

### КӨРКЕМ МӘТІНДЕГІ АВТОР МОДАЛЬДЫЛЫҒЫ, АВТОР БЕЙНЕСІ ЖӘНЕ ТІЛДІК ТҰЛҒА КАТЕГОРИЯЛАРЫ

*Тіл білімінің бүгінгі даму деңгейі тұрғысынан саралағанда адам факторының тілдегі көрінісі, яғни тілдік тұлғасы деген мәселелер өте өзекті. Мақалада көркем мәтінді ұйымдастырушы категориялардың ішінде ең маңыздылары – мәтін модалдылығы және автор бейнесі категориялары талданады, әрі тілдік тұлға мәселесі қарастырылады. Зерттеу әдістері ретінде мәтінді кешенді талдау әдісі, яғни сипаттамалық, семантика-стилистикалық, контекстік әдіс қолданылды.*

*Автор бейнесі көркем шығармада тілдік құралдар арқылы жасалады, бірақ ол оқырман санасында туындайды. Мәтін модалдылығы автордың мәтіндегі хабарланған жайға қатынасы, көзқарасы, ұстанымы, оқырманға жеткізуге бағытталған өзіндік құндылықтары ретінде анықталады. Көркем мәтінде мәтін модалдылығы лексикалық, грамматикалық, синтаксистік және прагматикалық құралдар арқылы жүзеге асады. Зерттеу жұмысының материалы ретінде қазақтың заңғар жазушысы Ә.Кекілбаевтың "Аңыздың ақыры" романы алынды.*

*Кілт сөздер: көркем мәтін, автор модалдылығы, автор бейнесі, тілдік тұлға, автор ұстанымы.*

### НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

Мәтінді ұйымдастырушы категориялардың ішінде ең маңыздылары – мәтін модалдылығы және автор бейнесі категориялары. Олар мәтін түзуші тілдік және тілдік емес барлық элементтердің басын біріктіріп бір ортақ арнаға ұйыстырады және мұның бәрі мәтіндегі тілдік тұлға категориясымен ұштасып жатады.

Адамның өзін-өзі және әлемді тану үдерісінде ғылыми зерттеулердің антропоэектілігінің рөлі артып отыр. Соның нәтижесінде қазіргі тіл білімінде тіл иесі адам, сөйлеуші адам, яғни тілдік тұлға негізгі зерттеу нысанына айналды.

### КІРІСПЕ

Тілдік тұлға терминін өткен ғасырдың 30-жылдары алғаш В.В.Виноградов енгізді. Ол тілдік тұлға ұғымын көркем шығарманың дара тілдік құрылымын ашу үшін пайдаланды. Ол былай дейді: «Проблемы изучения типов монолога в художественной прозе находятся в тесной связи с вопросом о приемах конструирования «художественно-языкового сознания», образа говорящего или пишущего лица в литературном творчестве. Монолог прикрепляется к лицу, определительный образ которого тускнеет по мере того, как он ставится все в более близкие отношения с всеобъемлющим художественным «я» автора. А чисто образ авторского «я», все же являющийся фокусом притяжения языковой экспрессии, не

появляется. Лишь в общей системе словесной организации и в приемах экспрессивного «изображения» художественно-индивидуального мира проступает внешне скрытый лик «писателя» [1, 82]. В.В.Виноградовтың бұл сөзінде шығармадағы тілдік тұлға, көркем бейне, автор бейнесінің ара қатысы мен өзара әсері туралы негізгі ой айтылған.

Ю.Н.Караулов тілдік тұлғаға адамның «шығарма мәтінін құруға негіз болатын қабілет-қасиеттерінің жиынтығын» жатқызады [2, 3]. Ол көркем мәтін туғызушы қаламгердің тілдік тұлғасының үш деңгейлік моделін жасап ұсынды. Нөлдік деңгей, тілдік-семантикалық деңгей, қарым-қатынас тілін қаншалықты меңгергендігімен анықталады. Бірінші, когнитивтік деңгейде тілдік тұлғаның жеке және ұжымдық тілдік санасының таным кеңістігін қалыптастыратын білім, түсініктері өзектенеді. Осы деңгейде тұлға әлемінің тілдік моделі ұғым, идея, концептілер түрінде үлгіленіп, әлемді түсінуінің өзіндік жеке үлгісі жасалады. Екінші, прагматикалық деңгей тілдік тұлғаның дамуын белгілейтін мақсат, мүдде, себептермен сипатталады.

Тілдік тұлғаға қатысты В.И.Карасик концепциясында адам бойындағы этномәдени, социомәдени бастамалар мен даралық ерекшеліктерінің ажырамас байланысы негізге алынады. Сонда тілдік тұлға дегеніміз мәдени-тілдік және қатысымдық-әрекеттік мазмұнға ие құндылықтар, білім, мақсат, мінез-құлық иесінің жалпыланған бейнесі болып шығады [3, 22].

Көркем шығармадағы тілдік тұлға мәселесі қазақ филологиясында да жан-жақты қарастырылып келеді [4].

Тілдік тұлға автор модалдылығы, автор бейнесі категорияларымен тығыз байланысты.

Автор бейнесі филология ғылымында азды-көпті дәрежеде сөз етіліп келсе, мәтін модалдылығы тек өткен ғасырдың 70-80 жылдарынан бастап қана зерттеле бастады.

Сөйлем модалдылығы оның басқа да грамматикалық белгілерімен бір қатарда (предикативтілік, интонация) дәстүрлі синтаксис ғылымы аясында бұрыннан қарастырылып келді. Атап айтқанда, сөйлемнің объективті модалдылығы деп сөйлем мазмұнының болмысқа қатынасы түсініледі. Сөйлем мазмұнында белгілі бір реалды не бейреалды болмыс бекітіледі не жоққа шығарылады және ол шақ, жақ, рай тұлғаларының бірінде және интонация арқылы белгіленеді. Ал субъективті модалдылық дегенде сөйлем мазмұнына деген айтушының көзқарасы түсініледі, ол әр түрлі модал сөздер, рай тұлғалары, оқшау сөздер, интонация т.б. тәсілдер арқылы беріледі.

## МАТЕРИАЛДАР МЕН ӘДІСТЕР

Зерттеу жұмысында көркем мәтінді кешенді талдау әдісі қолданылды, яғни сипаттамалық, семантико-стилистикалық, контекстік әдіс.

Сипаттамалық-аналитикалық әдіс зерттеу мәселесі бойынша лингвистикалық әдебиеттерді зерттеу, ғалымдардың пікірлерін сұрыптап, қорытынды шығаруда қолданылды. Көркем мәтінде автор бейнесінің, автор модалділігін анықтау мақсатында семантика-стилистикалық әдіс қолданылды, өйткені мұндай талдау автордың стильдік ерекшеліктері туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

Көркем мәтіндегі автор бейнесі, авторлық модалдылық категориясы қарастырылған кезде мәтіндегі тілдік бірліктердің функциясына талдау жасалады. Зерттеу материалы ретінде қазақ жазушысы Ә.Кекілбаевтің «Аңыздың ақыры» атты романы алынды.

## НӘТИЖЕЛЕР

Модалдылықты жұмсалым грамматикасында функционалды-семантикалық өріс тұрғысынан қарастыратын еңбектер бар. Онда ол сөйленім деңгейінде сөз болып, «сөйленім мазмұнындағы объективтік байланыстарды (объективтік модалдылық) және сөйлеуші көзқарасы тұрғысынан осы сөйленімнің мазмұнының айқындылық дәрежесін (субъективтік модалдылық) білдіретін тілдік категория» [5] ретінде танылады.

Модальдылық рай, жақ формалары, модальдық етістіктер, модальдық сөздер, интонация т.б. әртүрлі грамматикалық, лексикалық тәсілдер арқылы берілетін, табиғи тілдердің бәріне тән жалпылама сипаттағы категория. Субъективтік модальдылық айтылған пікірге сөйлеушінің көзқарасын (көңіл хошын, көңіл күйін), қатысын, яғни хабардың анықтығын, күмәнділігін, ықтималдылығын, аяныш-күйінішін, ренішін т.б. білдіреді. Мысалы, автор ақпаратқа болжалдылық модальдылықты үстеуде модаль сөздерді қолданады:

(1) *Күні бүгінге дейін жүрегінде өшпей келген ыстық ықылас бұдан былай жеккөрініштің жиренішті ызғарына айналатын шығар* (Ә.Кекілбаев "Аңыздың ақыры", 97 б.).

(2) *Қатал Әміршінің суық жанарының түбінен тек өзінің ғана көзі шалып қалатын жұмсақ нұрдан да бұл қимастық сезінетін тәрізді* (Ә.Кекілбаев "Аңыздың ақыры", 123 б.).

(3) *Адам жүрегіннің ең бір тұңғиығынан шымырлап шығатын сол бір қимастықтың, ыстық іңкәрдің емін тапса махаббат қана табатын шығар* (Ә.Кекілбаев "Аңыздың ақыры", 123 б.).

(4) *Пенделік бақыт деген де сол шығар. Адамға лайық аз ғана тіршіліктің де, бәлкім, бар мән, бар мағынасы тек сонда тұрған шығар* (Ә.Кекілбаев "Аңыздың ақыры", 174 б.).

(5) *Бәлкім, жас шеберді алғаш көргенде ханым да тап осылай сенделген шығар* (Ә.Кекілбаев "Аңыздың ақыры", 160 б.).

Модальдылық мәндерді беруде одағайлар да жиі қолданылады. Одағайлар сөйлеушінің тек көңіл-күйін білдіріп қоймайды, сонымен қатар, белгілі бір жағдаятқа сөйлеушінің көзқарасын білдіруде, көркем мәтінде авторлық бағалауды жүзеге асыруда да қолданылады. Мысалы:

(6) *Шіркін, сол бір сыпсың-сыпсыңды өз құлағымен естір ме еді* (Ә.Кекілбаев "Аңыздың ақыры", 181 б.).

Бұл мысалда автор адамның қалауын қазақ тілінде "шіркін" деген одағай мен *естір ме еді* болжалды келер шақ формасында тұрған күрделі етістік арқылы берген.

Төмендегі мысалдар одағайдың күдік, болжам сынды модальдық мәндерді жеткізуде қолданылатынын көре аламыз:

(7) *Апыр-ай, сонда әлгі қызыл алма...* (Ә.Кекілбаев "Аңыздың ақыры", 50 б.).

(8) *Апырау, ханымның көзі түсердей адам қалып па еді?* (Ә.Кекілбаев "Аңыздың ақыры", 51 б.).

Мәтін модальдылығына келетін болсақ, мәселе әлдеқайда күрделірек. Бұл мәтіндегі автор көзқарасы дегенмен ұштасып жатады, сондықтан "мәтін модальдылығын" "автор модальдылығы" ұғымымен ауыстырып қолдана беруге де болады.

Мәтіндегі автор көзқарасын мәтінжасаудың бір ұстанымы, ал оны зерттеуді мәтінтанудың бір жолы, әдісі ретінде қарауға болады.

Мәтінде қарым-қатынас актісі (коммуникация) жүзеге асатындықтан, сөйлеушімен(жазушымен қатар тыңдаушы, мәтінді қабылдаушы(оқырман) адам да ескеріледі. Жазушы не сөйлеуші адамның болмысты қабылдап, оны белгілі бір тілдік бірліктер арқылы мәтінде бейнелеп жеткізуі екі жақты үдеріс. Бұл жерде автордың оқырманмен (тыңдарманмен) қарым-қатынасы (оның жай-күйі, дайындығы, т.б. жайлар) ескеріледі. Сонда мәтін модальдылығын автордың мәтіндегі оқырман (тыңдарман) үшін жасалған өзіндік көзқарасы, негізгі ойы, идеясы, өзіндік құндылықтар нысаны деп қарауға болады.

Бейнелеу мазмұнына автордың көзқарасы, бағасы сол мазмұнды жарыққа шығаруға қажет тәсілдерді іздестіруді керек етеді. Ол тәсілдерді таңдау әр автор үшін және мәтін түріне қарай әр түрлі болады және олардың мақсат-дәлелдемелері болуы керек. Тілден тысқары жайттарға тәуелді болып келетін бұл мақсат, дәлелдемелер мәтін модальдылығын жасауға (тудыруға) себепші болады. Мәтінге «формалды және автордың мақсат-ниетіне және ғылыми, интеллектуалдық, адами, эстетикалық бағыт-бейіміне, қарым-қатынас жағдайына

лайықталған мазмұндық элементтердің тұтастығы» деген анықтама берілгенде осы жағдайлар ескеріледі.

Мәтін модалдылығын ең алғаш белгілеген ғалым И.Р.Гальперин. Ол табиғаты жөнінен субъективтік мәнге ие модалдылық мәтінде грамматикалық емес, функционалды-семантикалық сипатқа ие дейді. Мәтін бөліктерінде модалдылық бірдей сипатта болмайды: ол кейіпкерлерді сипаттауда, авторлық сентенцияларда, мәтіннің жекелеген бөліктерін өзектендіруде, т.т. білінеді [6, 115].

XX ғ. 80-90 жылдарынан бастап мәтін модалдылығы қауырт зерттеле бастады. Бұл тіл ғылымында антропоэзектілік парадигманың күшеюіне байланысты еді. Мәтін антропоэзектілігі инсан-адамның мәтінді туғызушы әрі мәтінді қабылдаушы деңгейінде де сол мәтінді ұйымдастырушы орталық тұлға екендігінен келіп шығады.

Тұтас мәтін қарастырылған жағдайда модалдық мәндер субъективті-бағалауыштық сипатқа ие болады. Демек, авторлық модалдылық категориясы автордың жеке ерекшеліктерімен, оның эмоциялық-этикалық өзгешелігімен, аксиологиялық көзқарастарымен, әрі авторлық бағалаумен анықталады. Көркем мәтінде модалдылықты білдіретін тілдік бірліктер жеке-жеке емес, тұтастықта қаралады. Мысалы:

*(9) Ханым кейде өзінің сол мінезіне өзі қайран қалады. Шынында, мұның өмірін тамұқ қылып жүрген, ең алдымен, Ұлы Әмірші емес пе... Міне, сарайдан шыға алмай, сарғайып отырғанына әлденеше күн болды. Ол соны білмей жатыр дейсің бе?.. Ендеше мұның күнәкар көзін құртып неге тынбайды? Әлде өзі салған азап аз болғандай өкініш пен ызаса, өсек пен табаға, жанын жегі құрттай жеп жатқан қапырық қасіретке талатпақ па? Бұдан ызасын солай алғысы келген шығар.*

*Бірақ мұның осыныша азап шеккенінен оның басына шығатын мүйіз қайсы, мұның жанын тырнайтын пыш-пыш оның жанын тырнамай ма? (Ә.Кекілбаев "Аңыздың ақыры", 153 б.).*

Берілген мәнмәтіннен көріп отырғанымыз, мәтіндегі модалдық мәндер тек модал сөздер мен рай категориясы арқылы берілмейді, сонымен қатар сұраулы сөйлемдер, интонация, автор қолданысындағы пунктуация арқылы да көрініс табады. Берілген мәнмәтінге жүгінсек, мұнда сұраулы сөйлемдер өзіне тиісті сұраулық мағынаны меңзеп тұрған жоқ. Көркем мәтінде сұраулы сөйлемдер сұрақ-күдік, сұрақ-құптау, сұрақ-құптамау, сұрақ-өкіну, сұрақ-болжау т.б. модалді реңктерді білдіріп, мәтіндегі басқа сөйлемдермен мағыналық, құрылымдық байланыста болады.

Мәтін модалдылығының құрылымы «автор – мәтін – оқырман» қарым-қатынасы арқылы анықталады [7].

Тілдік модалдылық – тілдегі күрделі категориялардың бірі, сол себепті аталған категорияның табиғаты, оның берілу жолдары жайлы ғалымдардың көзқарастары да әртүрлі. Соңғы жылдарда жазылған Т.А. Sukhomlina [8], А. Mukhtarullina [9], V. N. Khisamova [10], R. Menard [11], А. Avcrina [12], С.С. Ваулина [13], Л.Г. Бабенко [14] сынды ғалымдардың ғылыми еңбектерін сұрыптасақ, модалдылық категориясын мәтін деңгейінде қарастыратын еңбектер санының қатары толып келеді деуге болады.

Мәтін модалдылығы көркем шығарманың тұтас мәтіні арқылы жасалады. Қандай мәтін болмасын, соның ішінде әсіресе көркем мәтін (тұтас шығарма) модалдық қатынастардың күрделі де көпқырлы жүйесінен тұрады. Ол көркем шығарманың қандай пішінінде көрініс тауып жасалады дегенге келетін болсақ, көптеген зерттеушілердің пікірінше, шығарманың мынадай субъектілік-тілдік аймақтарының ара қатынасынан, өзара байланысынан келіп шығады: баяндаушы, әңгімелеуші, арнайы баяншы және кейіпкерлер. Аталған баяншы түрлерінің сөздері шығарманың әртүрлі баяндау қабаттарын құрылымдайды: әңгімелеуші немесе арнайы баяншы сөзі, төл сөз (кейіпкер сөзі), ортақ төл сөз. Автор модалдылығын (автор бейнесін де) зерттеу шығарманың осы аталған тілдік құрылымын (баяндау қабаттарын) талдау арқылы жүргізіледі.

Шығармашылық үдерістің маңызды категориясы ретінде автор модалдылығын зерттеуде «автор – герой» категориясы ерекше рөл атқарады. «Автор–герой» категориясы

арқылы бейнеленген әңгімелеуші субъектілердің әралуандылығы шығарманың тілдік құрылымын жасайды және оларды талдау арқылы автор модалдылығы, автор бейнесі ұғымдарының мәні ашылады. Шығармада қолданылатын әрбір көркемдік тәсіл қаламгердің көзқарасын, дүниетанымын бейнелеуге қызмет ететіндіктен, бұл шығарманың көркем идеясын түсінуге де алып келеді.

Шығарманың идеясына сәйкесті пішін табу үшін суреткерге шығарманың мәтіншілік субъектілеріне қатысты өзінің белгілі бір позициясын ұстануы керек, яғни олардың субъектілік-тілдік аймақтарын табуы тиіс. Сондықтан «автор – герой» категориясы автор модалдылығының өзегін құрайды, яғни баяндауды құрылымдаушы қатынастарды білдіретін шығармашылық үдерісті ішкі жағынан ұйымдастыратын пішін болып табылады. Ол қатынастардың мәні автор мен автор бейнесінің әртүрлі қырларының өзара әсерлесуінде жатыр және ол баяндау типтері арқылы көрінеді. «Автор – герой» категориясында адамның мәтіндегі сыртқы, ішкі көріністері, яғни мәтінсыртылық субъектілер (автор, оқырман) және мәтіншілік субъектілер (әңгімелеуші, баяншы, кейіпкер) қатар көрініс табады және баяндау субъектілерінің «мені» авторлық «меннің» дискурсивті позициясы болып табылады.

### ТАЛҚЫЛАУ

Мәтін модалдылығы ұғымы мен автор бейнесі ұғымы бір-бірімен ұштасып, тығыз байланысып жатады. «Автор бейнесі» – көркем әдебиет тілінің ішкі сапалық қасиеттері мен заңдылықтарын анықтауға мүмкіндік беретін категориялардың бірі әрі негізгісі» [15, 154].

«Автор бейнесін» В.В.Виноградов көркем әдебиет тілі теориясындағы орталық мәселелердің қатарына қояды. «Шығарманың идеялық бағыты, ой-түйіні, көркем мазмұны, - дейді ғалым, - кейіпкер бейнелерін құруынан, олардың қарым-қатынастары мен байланыстарынан, баяндау мен диалогтың құрылысынан және солардың бәрінің басын біріктіретін автор стилінен, тұтас шығарманың композициялық бірлігінен жасалатын автор бейнесінің құрылымынан көрінеді» [1, 83].

В.В.Виноградовтың пікірінше, «тілдік құралдарды сұрыптап, таңдап орналастыру нәтижесінде жүзеге асатын түрлі экспрессивтік-стильдік бояулар, бағалаулар мен олардың сипаты шығарманың идеялық мәні, суреткердің талғам-талабы, шығармашылығы туралы түсінік береді. Ал мұның бәрі шығарманың стильдік бірлігін белгілейтін автор бейнесінің тілдік құрылымында көрініс табады» [1, 83].

Орыс зерттеушісі В.Б.Катаев: «В.В.Виноградов, Г.А.Гуковский, Ю.М.Лотман т.б. еңбектерінде көркем шығарма мәтінін зерттеуде көркем шығармада сыртқы объективті болмыстың бейнеленуін ғана емес, оны бейнелеуші субъектінің, яғни автордың өзінің бейнеленуіне де көңіл аударыла бастады. Өйткені көркем мәтіннің ешбір жағы автордың көкірек көзінің сүзгісінен өтпей жасалмайды. Шығармасында автор сыртқы әлемді жай ғана сипаттамайды, өзі де сипатталады. Көркем шығарманың эстетикалық, танымдық мәнінің сыры осында жатса керек» [16, 29], – дейді.

Сонымен автор бейнесі деген не, оның құрылымдық компоненттері, түрлері қандай?

Алдымен басын ашып алатын жай: «автор бейнесі» – өмірбаяндық емес, құрылымдық-көркемдік, көркем тілдік категория. «Автор бейнесі» дегеннен жазушының дүниетанымдық, әлеуметтік, мінез-құлықтық, т.б. ерекшеліктерінен тұратын жеке басының қасиеттерінің жиынтығын түсінбейміз. Дегенмен жазушының жеке басының ерекшеліктері оның туындыларынан байқалып тұратынын да жоққа шығаруға болмайды. Алайда «автор бейнесі» дегенде өзара байланысты мынадай екі ұғымды түсінеміз: 1) шығарманың субъектісі, яғни, шығарманың белгілі бір көркем-идеялық көзқарастармен ұласқан өзіндік көркемдік әлемін туғызушы субъект; 2) көркем шығарманың ұйымдастырушылық орталығы болып табылатын тілдік құрылымы.

Болмысты әр жазушы өз «нүктесінен» – өзінің адамгершілік, идеялық т.б. ұстанымы тұрғысынан көріп бағалап, соны туындысында әр түрлі жағдайлардағы тоғысулар, қарама-қарсы қоюлар арқылы бейнелеп шығады. Автор бейнесінің көрінуі шығарманың көркем-

тілдік құрылымы арқылы жүзеге асады. Сондықтан «автор бейнесі» шығарманың өзі көрініс табатын көркем-тілдік құрылымынан тыс қаралмайды, онымен тығыз байланыста болады. «Автор бейнесін» осылай түсініп бағаласақ, В.В.Виноградовтың мына сөздері түсінікті болып шығады: «образ автора – это индивидуальная словесно-речевая структура, пронизывающая строй художественного произведения и определяющая взаимосвязь и взаимодействие всех его элементов» [1, 151-152].

Шығармашылық үдерістің қалай басталатынына назар аударсақ. Шығарманы жазуға кіріскен кезде қаламгер алдына белгілі бір мақсат қояды. Ойында, қиялында пайда болған идеяны, мазмұнды беру үшін соған сай пішінді іздейді. Өзін қалай ұстаудың жолдарын іздейді: өзінің жеке тұлғасын ашып көрсету керек пе, әлде оны жасырын ұстауы тиіс пе? Осы жерде мәтінде берілген көзқарастың объективтілігінің қандай дәрежеде екендігі туралы мәселе шығады. Міне, осы объективтіліктің берілу дәрежесіне қарай оқырманда баяндау субъектісі туралы пікір қалыптасады. Автор бейнесін анықтау да осыдан келіп шығады.

Көркем шығарманың баяндау субъектісін белгілеу қаламгердің өзіне де оңайға соқпайды. Оны анықтау күрделі, азапты, қиын жол екенін жазушылардың өз сөздері де дәлелдейді. Қадыр Мырза Әлі: «Шығармашылық процесс – сау адамның өзі үшін түсініп болмайтын аса күрделі құбылыс. Оны тек байқайсың, сезінесің, бірақ талдап бере алмайсың. Бұл өзі ақыл аумағына сыя бермейтін құпия құбылыс, үңіле алмайсың, ұстағың келеді, ұстай алмайсың, сынаптай сусын шығып кетеді»,– десе, Дулат Исабеков: «Оқиғаның сұлбасы дайын болғанмен, шығарманы құрайтын кірпіш-детальдар, ою-өрнек пен әшекейлер, кейіпкерлердің дәл сол сәттегі көңіл-күйі мен жан толқуларын анық та қанық бере алатын бір сөз, бір бояуын таппай, санаңдағы сөздік қорды мың ақтарып, жүз саралап сарсаңға түсесің», – дейді.

Шығарманы жазуда,оның қажетті пішінін табуда авторға бірнеше факторлар әсер етеді. Шығармасына нысан болған деректік материалды берудің сенімді, ыңғайлы, мәнерлі пішінін табуға жазушының бейнеленетін нәрсеге өзіндік адами көзқарас-ұстанымы да, өзіндік бейімдік ерекшеліктері (мінез-құлқы, бір нәрсеге әуестігі) де әсер етеді. Осыған байланысты кейбір авторлар өзін анық, ашық көрсетсе, кейбірі кейіпкерлерінің тасасына жасырынады, үшіншісі жазғанынан аулақтап мүлде объективтендіріп жібереді. Оның көзқарасын оқырманның өзі іздеп табуы керек. Сөйтп, баяндау субъектісі автор тарапынан таңдалып алынған соң, оны бейнелейтін тілдік құралдар сұрыпталады. Ол үшін автор алдымен, үшінші жақта баяндай ма, не бірінші жақта өз атынан сөйлей ме, не кейіпкер атынан баяндай ма, не ойдан құрастырылған үшінші бір адамның атынан сөйлей ме, осы мәселелерді шешіп алады.

Баяндау субъектісін берудің, оны түсінудің мұндай әржақтылығы оны таңдаудың тілдік формасы түріндегі автор бейнесін құрудың негізін қалайды.

Автор бейнесі, негізі, оқырманның санасында қалыптасады, оқырман оны өзінің санасында туғызады. Әрине, ол автордың көмегімен, кейде тіпті оның ырқынан тыс қалыптасады. Демек, автор бейнесі оқырманның қабылдау аймағына жатады.

Автордың адами мәнінің, тұлғасының шығармада көріну жолдарын, оның құрылымдық және мазмұндық көрсеткіштерін анықтау үшін нақты шығарма мәтіндеріне құрылымдық-тілдік талдаулар жасау қажет.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Қорытындылай келе айтарымыз, автор бейнесіне қатысты мынадай мәселелердің басы ашылып, анықталған болып есептеледі: автор бейнесінің тек қана көркем әдебиетке тән екендігі; автор бейнесі мен автор өмірбаянының бір еместігі; автор бейнесі көркем шығарманың ұйымдастырушы, бәрінің басын біріктіруші орталығы екендігі; автор бейнесі мен жазушының дара стилінің ажырамас бірлігі; автор бейнесінің оқырманның қабылдау аймағына жататыны, алайда оның тілдік құрылымға ие екендігі; автор бейнесінің мәтінді мағыналық, эстетикалық жағынан ұйымдастырып, мәтіннің өн бойын қамтитындығы; автор,

кейіпкер және сипатталатын болмыс араларындағы құндылық қатынастарды тұтастыратын аксиологиялық сипатқа ие екендігі; автор бейнесінің прагматикалық бағыттылығы.

Автор бейнесін зерттеудің болашақ бағыт, бағдарын мына жайлар белгілейді: автор бейнесінің лингвистикалық мәртебесін, классификациялық белгілерін анықтау; автор бейнесінің мәтіннің басқа категорияларымен: ақпарат беру, модалдылық, мәтіннің мүшеленуі, ретроспекция, проспекция т.б. байланысын, әсерлесуін, иерархиялық қатынасын анықтау; автор бейнесінің тілдік көрінісінің формалары мен тәсілдерін анықтау; жазушының дара стилін қалыптастырудағы рөлін анықтау; мәтіннің бірлігі мен тұтастығын жасаудағы рөлін анықтау; автор бейнесінің типологиясын жасау.

Сонымен, тілдік тұлға, мәтін(автор) модалдылығы, автор бейнесі – бұлар бір-бірімен тығыз байланысты, өзара ұштасып жататын категориялар. Сонымен қатар әрқайсысының өзіндік ерекшеліктері, белгілері, бітім-болмыстары бар.

#### ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 В.В.Виноградов О языке художественной прозы.– М. – 1980.
- 2 Ю.Н.Караулов Русский язык и языковая личность. – М., 1987.– 261 с.
- 3 В.И.Карасик Языковой круг: личность, концепты, дискурс /В.В.Карасик. Научно-исследовательская лаборатория “Аксиологическая лингвистика”. – М.: ГНОЗИС, 2004. – 389 с.
- 4 Г.Ә.Мұратова Абайдың тілдік тұлғасы: дискурстық талдау мен концептуалдық жүйесі. Фил. ғыл. докторы ғылыми дәрежесін алу үшін жазған дис.ның авторефераты.– Астана, 2009.
- 5 С.Қ.Құлманов Қазақ тіліндегі мүмкіндік модалділігінің функционалды сематикалық өрісі. Фил. ғыл. кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дай.ған дис.ның автореф-ты. – Алматы, 2004.
- 6 И.Р.Гальперин Текст как объект лингвистического исследования. – М.,1981.
- 7 Е.А.Попова Авторская модальность как средство выражения антропоцентричности текста. Автореферат дис.на соис. уч.ст.канд.фил.наук. – Липецк, 1996.
- 8 Сухомлина Т.А. Модальные способы выражения будущего времени в художественном монологическом тексте. Вопросы когнитивной лингвистики, № 1, 2015. Стр. 85 - 88.
- 9 Mukhtarullina, A. 2015. The Cognitive Modelling of Textual Modality / Issakova S., Kuzdibayeva A. , Yessenova K. – Procedia - Social and Behavioral Sciences 214. – P. 970 – 976
- 10 Khisamova, V. N. 2016. Stylistic Peculiarities of Expressing Modality in the Fiction (On The Basis Of Writings By H. B. Stowe) / V. N. Khisamova // International journal of humanities and cultural studies. – P. 670-675.
- 11 Menard, R. 2018. Analyzing ideological complexes from the perspective of modalities. – Text and Talk, Book 38, Edition 6, P.729 - 751
- 12 Avcrina A. 2020. Dependent clauses of German and Russian from the point of view of their modality: Deep structure and semantics. – Sprachwissenschaft, Book 45, Edition 4, 425 - 471 pp.
- 13 Ваулина С.С. Авторская модальность в повести Н. М. Карамзина «Бедная Лиза»/ С.С.Ваулина, А.И. Ткаченко // Слово.ру: балтийский акцент. – № 3. – 2016. С. 22–27.
- 14 Бабенко Л.Г. Оценочный фактор в формировании модального пространства текста // Оценки и ценности в современном научном познании : сб. науч. тр. – Калининград, 2009. С. 133-142.
- 15 Б.Шалабай Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Астана, 2017.
- 16 В.Б.Катаев К постановке проблемы образа автора // Научные доклады высшей школы. Серия «Филологические науки», 1966. – №1.

#### REFERENCES

- 1 V.V.Vinogradov (1980) *O yazyke khudozhestvennoy prozy* [On the language of artistic prose], Moscow. [in Russian]
- 2 YU.N.Karaulov (1987) *Russkiy yazyk i yazykovaya lichnost'* [Russian language and linguistic personality], Moscow. [in Russian]

3 V.I.Karasik (2004) *Yazykovoy krug: lichnost', kontsepty, diskurs* [Language circle: personality, concepts, discourse] /V.V.Karasik. Nauchno-issledovatel'skaya laboratoriya "Aksiologicheskaya lingvistika". – M.: GNOZIS. [in Russian]

4 G.A.Muratova (2009) *Abaydiñ tildik tulğası: diskwrstıq taldaw men konceptwaldıq jüyesi* [Abai's linguistic personality: discourse analysis and conceptual system.]. Fil. ğıl. doktorı ğılımı дәреjesin alw үшін jazğan діs.niñ avtoreferaty [Phil. do it Author's abstract of the thesis written for obtaining the scientific degree of doctor.].– Astana. [in Kazakh]

5 S.Q.Qulmanov (2004) *Qazaq tilindegi mümkindik modaliliginiñ fwnkcionaldı sematikalıq örisi* [Functional semantic field of feature modality in the Kazakh language]. Fil. ğıl. kandidatu ğılımı дәреjesin alw үшін day.ğan діs.niñ avtoref-ty [Phil. do it the abstract of the dissertation prepared by the candidate for obtaining a scientific degree], Almaty. [in Kazakh]

6 I.R.Gal'perin (1981)*Tekst kak ob"yekt lingvisticheskogo issledovaniya* [Text as an object of linguistic research], M. [in Russian]

7 Ye.A.Popova (1996) *Avtorskaya modal'nost' kak sredstvo vyrazheniya antropotsentrichnosti teksta* [Author's modality as a means of expressing the anthropocentricity of the text]. Avtoreferat dis.na soiskaniye uchenoy stepeni kand.fil.nauk [Abstract of the thesis for the degree of Candidate of Philology], Lipetsk. [in Russian]

8 T.A. Sukhomlina (2015) *Modal'nyye sposoby vyrazheniya budushchego vremeni v khudozhestvennom monologicheskom tekste* [Modal ways of expressing the future tense in a literary monologic text]. Voprosy kognitivnoy lingvistiki [Issues of Cognitive Linguistics], № 1, P. 85 - 88. [in Russian]

9 A. Mukhtarullina (2015) *The Cognitive Modelling of Textual Modality* / Issakova S., Kuzdibayeva A. , Yessenova K. – Procedia - Social and Behavioral Sciences 214. – pp. 970 – 976. [in English]

10 V. N. Khisamova (2016) Stylistic Peculiarities of Expressing Modality in the Fiction (On The Basis Of Writings By H. B. Stowe) / V. N. Khisamova // International journal of humanities and cultural studies. – pp. 670-675. [in English]

11 R. Menard (2018) Analyzing ideological complexes from the perspective of modalities. – Text and Talk, Book 38, Edition 6, pp.729 - 751. [in English]

12 A. Avcrina (2020) Dependent clauses of German and Russian from the point of view of their modality: Deep structure and semantics. – Sprachwissenschaft, Book 45, Efition 4, 425 - 471 pp. [in English]

13 S.S. Vaulina (2016) *Avtorskaya modal'nost' v povesti N. M. Karamzina «Bednaya Liza»* [Author's modality in the story "Poor Lisa" by N.M. Karamzin]/ S.S.Vaulina, A.I. Tkachenko // Slovo.ru: baltiyskiy aktsent [Slovo.ru: Baltic accent]. – № 3. – P. 22–27. [in Russian]

14 L.G.Babenko (2009) *Otsenochnyy faktor v formirovanii modal'nogo prostranstva teksta* [Evaluation factor in the formation of the modal space of the text] // Otsenki i tsennosti v sovremennom nauchnom poznanii : sb. nauch. tr. [Estimates and values in modern scientific knowledge: a collection of scientific papers]. – Kaliningrad, P. 133-142. [in Russian]

15 B.Shalabay (2017) *Qazaq til biliminiñ мәseleleri* [Problems of Kazakh language education], Astana. [in Kazakh]

16 V.B.Katayev (1966) *K postanovke problemy obraza avtora* [On the formulation of the problem of the image of the author] // Nauchnyye doklady vysshey shkoly. Seriya «Filologicheskiye nauki [Scientific reports of higher education. Series "Philological Sciences"], №1. [in Russian]

Материал 21.06.2023 баспаға түсті

### **Категории авторской модальности, образа автора и языковой личности в художественном тексте**

Б. Шалабай<sup>1</sup>, Г. Ж. Исакова<sup>1</sup>



<sup>1</sup> Кокшетауский университет имени Ш. Уалиханова, г. Кокшетау, 020000, Республика Казахстан

*С точки зрения современного этапа развития языкознания очень актуальны вопросы проявления человеческого фактора в языке, т. е. языковой личности. В статье анализируются наиболее важные из категорий организации художественного текста – модальность текста и категории образа автора, также рассматривается проблема языковой личности. В качестве методов исследования использовался метод комплексного анализа текста, то есть описательный, семантико-стилистический и контекстуальный.*

*Образ автора создается в художественном произведении языковыми средствами и отражается в сознании читателя. Модальность текста – отношение автора к сообщаемой информации в тексте, его собственное видение, авторская позиция, собственные ценности, которые он хотел донести до читателя через произведение. В художественном тексте модальность текста реализуется лексическими, грамматическими, синтаксическими и прагматическими средствами. Материалом исследовательской работы послужил роман выдающегося казахского писателя А.Кекильбаева "Конец легенды".*

*Ключевые слова: художественный текст, авторская модальность, образ автора, языковая личность, авторская позиция.*

Материал поступил в редакцию журнала 21.06.2023

### **Categories of author's modality, author's image and language personality in a literary text**

B. Shalabay<sup>1</sup>, G. Zh. Iskakova<sup>1</sup>

Sh. Ualikhanov Kokshetau University, Kokshetau, 020000, Republic of Kazakhstan

*From the point of view of modern linguistics development, the issues of human factor (i.e. language personality) manifestation in language are very relevant,. The article analyzes the most important categories of literary text organization – the modality of the text and the categories of the author's image. The paper considers the problem of linguistic personality. The method of complex text analysis was used as the principle one in the research.*

*The image of the author is created in a work of fiction by linguistic means and is reflected in the reader's mind. The modality of the text is the author's attitude to the information reported in the text. The author conveys his position, vision, values to the reader through his work. In a literary text, the modality of the text is realized by lexical, grammatical, syntactic and pragmatic means. The material of the research was based on the novel "Anyzdyn aqyry" by the outstanding Kazakh writer A.Kekilbayev.*

*Keywords: artistic text, author's modality, author's image, linguistic personality, author's position.*

Received: 21.06.2023

XFTAP 16.31.02

DOI: [10.59102/kufil/2023/iss2pp12-21](https://doi.org/10.59102/kufil/2023/iss2pp12-21)

**А.А. Букаева<sup>1</sup>, Г.О. Сыздықова<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>ф.ғ.м., Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау қ., 020000, Қазақстан, <https://orcid.org/0000-0002-4858-7205>. E-mail: [anar-bukaeva@mail.ru](mailto:anar-bukaeva@mail.ru)

<sup>2</sup> ф.ғ.д., профессор, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ., 010000, Қазақстан, <https://orcid.org/0000-0001-6365-0113>. E-mail: [go.syzdykova@mail.ru](mailto:go.syzdykova@mail.ru)